



**AUEZOV**  
UNIVERSITY  
1943

## М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

"Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" КЕАҚ 2024 – 2028 жылдарға арналған даму бағдарламасының негізгі мақсаты зерттеу университетіне трансформациялау болып табылады.

М. Әуезов атындағы ОҚУ бағытталған:

- ХС ИСО 9001:2015, МЕМСТ ИСО/МЭК 17025-2019 талаптарының негізінде және ашықтық, объективтілік, академиялық адалдық, қоғамдық-кәсіби қатысу және өңір қажеттіліктеріне бағдарлану қағидаттары негізінде сапа менеджменті жүйесін жетілдіру;
- бизнеспен, түрлі әлеуметтік институттармен және топтармен байланысты нығайтуға, қоғаммен өзара іс - қимылды күшейтуге негізделген білім беру, тәрбие мен ғылымның негізгі бағыттарын іске асыру-университеттің үшінші миссиясы;
- университеттің инновациялық қызметін дамыту, ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыру, еңбек нарығының сұранысына сәйкес жаңа форматтағы мамандарды даярлау бойынша шығармашылық және инновациялық сипатқа бағдарлау;
- еліміздің экономикалық дамуының жаңа парадигмасына сәйкес қазіргі заманғы трендтер мен сын-қатерлерге, ғылымды дамыту міндеттеріне жауап беретін университеттің инновациялық зерттеу экожүйесін жаңғырту және ұжымдық пайдалану ғылыми-зерттеу орталығын құру;
- кадрларды даярлау, ғылыми зерттеулер мен инновациялық әзірлемелер саласында ұлттық кластерлермен, халықаралық бизнес-компаниялармен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты дамыту.
- ҚР-ның оңтүстік өңірі ауқымында Шымкент қаласы, Түркістан облысы және ҚР-ның әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосатын білім беру қызметтерін іске асыратын ғылыми-инновациялық кадрларды даярлау жөніндегі ұйым ретінде позициялау;
- университеттің әлеуметтік-экономикалық тиімділігін анықтайтын білім беру және ғылыми-зерттеу процесінің интеграциясын және көрсеткіштердің өсуін қамтамасыз ету:
  - ✓ университеттердің әлемдік рейтингтерінде жетекші орын, шетелдік азаматтар мен халықаралық серіктестер үшін университеттің тартымдылығы;
  - ✓ әлемдік үрдістер контекстінде білім беру қызметтерінің сапасын арттыру, халықаралық білім беру кеңістігіне интеграцияланған әртүрлі деңгейдегі инновациялық білім беру бағдарламаларын іске асыру;
  - ✓ ғылымды, білім беруді және өндірісті тиімді интеграциялау, технологиялардың аймақ экономикасына тиімді трансфертің қамтамасыз ету;
  - ✓ әлемдік деңгейде ғылым, технология және техниканы дамытудың басым бағыттарының кең ауқымы бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулердің ынтымақтастығы;
  - ✓ кадрлық және ғылыми-техникалық әлеуетті тиімді пайдалану;
  - ✓ жастар мен еріктілерді дамыту, оларды елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау.

ОҚУ басшылығы осы "Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатты" жүзеге асыру және оны университеттің ұжымының түсінуі мен қолдауын қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті өзіне алады.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия мәжілісінде қаралды және бекітілді, «28» 09 2024 ж. № 4 хаттама.

Басқарма төрағасы-ректордың ұ.м.а.

Қ. Нұрманбетов

10 нұсқа, \_\_\_ көшірме



Енгізілу мерзімі «28» 09 2024 ж.